

"Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы "Хан Ордалы – Сарайшық" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 162 қаулысы.

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы "Хан Ордалы – Сарайшық" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мүліктік кешен ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдансын және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағына берілсін.

2. "Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы "Хан Ордалы – Сарайшық" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі тиісті салаға басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы мәдениет саласындағы қызмет болып айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізсін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен, сондай-ақ Атырау облысының әкімдігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК